

ЗАНА

Республикалық құқықтық, ғылыми-практикалық журнал

7 / 2000

ӨЛШЕМ БІРЛІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ ТУРАЛЫ

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫ ТУРАЛЫ

ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ
ӘБДІЖӘМІЛ БӘКІРДІҢ
ЗАҢҒА ТҮСІНІКТЕМЕСІ

ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС
ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ТУРАЛЫ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
ЖЕТЕКШІСІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ
КАИРАТ МӘМИМЕН СҰХБАТ



Әбдіжәлел БӘКІР,
ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаты

АҚПАРАТ ТАЗАЛЫҒЫ — РУХАНИЯТ ТАЗАЛЫҒЫ

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" жаңа заң қабылданғалы да жылдан астам уақыт болды. Бұған дейін қолданыста болып келген "Баспасөз және басқа да ақпарат құралдары туралы" заң еліміздегі сөз бостандығын жариялай отырып, оны қамтамасыз еткенмен соңғы жылдардағы қоғамдық өмірдегі елеулі өзгерістерге сай келмеді. Екі рет толықтырулар енгізілгенмен Заң жаңа уақыттың бірқатар нормалары мен ақиқатын ескере алмады. Бұқаралық ақпаратты іздестіру, пайдалану, иелік хәм, билік ету және сақтау процестерін толық көлемде қамтымады. Меншік иесі, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою, есепке алу және т.б. нормалар заң жүзінде бекітілмеді. Сондай-ақ, заңның негізгі бөлігі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру мәселелеріне арналған еді.

Көлемі жағынан біршама қысқартылған жаңа заң АҚШ, Германия,

Франция, Швеция және бірқатар ТМД елдерінің заңдарына тән нормаларды қамтыды. Адамның ақпаратқа құқығы, одан туындайтын міндеттермен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының мәртебесі, оларды есепке алу мен тарату, редактордың жеке басына қойылатын талаптар сияқты мәселелер Заңда орын тапты. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының басқа факторларға қарағанда азаматтардың, әсіресе, жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқына көбірек әсер ететіндігі, сондай-ақ олардың мүмкіндіктері мен сөз бостандығын теріс пайдаланудың қауіптілігі ескеріліп, бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік нормалары неғұрлым толық пайдаланылды. Сөйтіп, Заң халықаралық стандарттарға мейлінше сәйкестендірілді.

Мен бүгін, осы Заңның Мәжілістегі талқылану барысына тоқталып аталмыш заңның қабылдану

үрдісіне тоқталмақпын.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" заң жобасын Мәжіліс отырысында талқылауға әзірлік барысында арнайы құрылған жұмыс тобының бірнеше отырысы өткізілді. Оған Мәжілістің барлық комитеттерінен депутаттар, заң жобасын әзірлеушілер, белгілі журналист мамандар, баспасөз өкілдері қатысты. Жұмыс тобының мүшелері бұқаралық ақпарат құралдары туралы қолда бар, таяу және алыс шет елдерде қолданылып жүрген барлық заң актілерін, басқа да материалдарды зерделеді. Астанадағы бірсыпыра күнделікті басылымдар мен телерадио хабарларының басшыларын арнайы шақырып кездесулер өткізді.

Жұмыс тобы заң бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің комитеттерінен, жекелеген депутаттардан, аппараттың заң бөлімінен, Қазақстанның Журналистер одағынан, шығармашылық интеллигенция өкілдерінен ұсыныстар жинап, мүмкіндігінше барлық тілек-пікірлерді ескеруге тырысты.

Заң жобасын талқылау барысында әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, меншік иесі, эротикалық сипаттағы радио, телебағдарламалардың эфирге шығарылуы, журналистің құқықтары мен міндеттері, деген сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлінді.

Заң жобасының Парламентке ұсынылмай тұрып баспасөз бетінде жарияланып, бүкілхалықтық талқылауға түскені мәлім. Бұл да заң жобасын пісіре түсуге айрықша әсер етті. Халықпен, мамандармен ашық ақыл-

дасып алу қай уақытта да заң шығарушылық тәжірибеде таптырмайтын тәсіл. Мамандар, журналистер, тағы басқа заң жобасына қатысы бар деген кісілер өз ұсыныстарын беріп жатты. Әңгіменің қиындау түйіні бұқаралық ақпарат құралдарының тілі жөнінде болды. Бұрын қабылданған "Тіл туралы" заңдағы электронды бұқаралық ақпарат құралының тіліне қатысты норманың осы Заңнан орын тапқанына қарсылықтар айтылды. Әсіресе, орыс тілді газеттерде (оның ішінде мемлекеттен қаржыландырылып отырылған "Казахстанская правда" газетінің болғаны өкінішті-ақ) көпе-көрнеу бұрмаланған пікірлер айтылды. Ондай пікір иелерінің арасында Қазақстанда туып, ержетіп, өсіп-өнген, сол кездегі Мәжіліс депутаты Ю.Сытов та болды. Оның: *"На мой взгляд, даже 15 процентов эфира на государственном языке, но эфира яркого, талантливого, сделают больше для поднятия престижа казахского языка, нежели слепое следование принципу "50 на 50", —* деп "көсемсігені" намысымызға тигенін жасыра алмаймыз. Сол себептен де мен "Ана тілі" газетінде "Біле тұра бұра тартып отыр" деген тақырыппен өз ойымды ашық білдірдім. Дәл, осы мәселе кейін заң жобасы жөнінде құрылған жұмыс тобының отырысында тағы да біраз пікірталасын туғызды. Үкімет заң жобасын Парламентке ұсынған кезде ондағы тілге байланысты бапты "жұртты тағы дүрліктіріп жүрерміз" деген қоян жүректікпен алып тастағанды. Жұмыс тобындағы депутаттардың басым көпшілігі, мысалы, А. Бекбо-

сын, Н. Калиев, Р. Шер, В.Я.Землянов, т.б. тіл туралы бапты қалпына келтіруді ұсынды. Менің белгілі әріптесім Ю.Сытов енді тікелей қарсы шығудан жалтарып, "Бұқаралық ақпарат құралының тілі туралы мәселе негізгі заңда ("Тіл туралы") шешілген, оны тағы да бұған көшіріп жазудың қажеті жоқ" деп байбалам салды. Мен: "бұқаралық ақпарат құралының негізгі құралы — тіл, тілсіз газет-журнал шығарып, радионы тыңдап, теледидарды көре ғой", — деп тағы да тіл туралы арнайы баптың қажет екендігін жан-жақты дәлелдедім. Мұны әріптесім Ф. Оңғарсынова қолдап, әрі қарай пысықтап, нақтылап сөз сөйледі. Сонымен бұқаралық ақпарат құралының тілі туралы бұрынғы бап өңделіп, заң жобасына қайта қосылды.

Бұқаралық ақпарат құралының, әсіресе оның электронды түрінің тіліне байланысты бапқа қарсы шыққандарды түсіну қиын емес. Бұл норма қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды пайдалануы үшін арнайы қосылғанды. Өйткені, осы бір тілдің қолданыс көрігін қыздыра түсетін "шоқ" кейінгі кезде тиісті органдар тарапынан бақылаудың жетімсіздігінен сөнуге бет алып, бықси бастап еді. Сол себептен мемлекеттік тілдің кейбір "жанашырлары" осы "шоқтың" бықсып қана қоймай, сөніп қалғанын қалаған болатын.

Әуелі жұмыс тобының отырыстарында, кейін Мәжілісте көбірек әңгіме болған және бір мәселе — заң жобасындағы 12-баптың 2-тармағының "Эротикалық сипаттағы радио-

телебағдарламалардың эфирге шығарылуына, сондай-ақ кинохроникалық бағдарламалардың көрсетілуіне жергілікті уақыт бойынша 01 сағаттан 06 сағатқа дейін ғана жол беріледі" деген 2-тармақшасы болды. Жұмыс тобының бірінші отырысынан бастан-ақ бұл мәселеге мүлдем тыйым салуды ұсындым. Оны жан-жақты түсіндіруге тырыстым. Осы кездерде "Қазақ әдебиеті" газетіне "70 адам хат жазды, артында қанша қазақ бар?" деген сұхбат та бердім. Мен алматылық зиялы қауымның белгілі ашық хатына жүгіне отырып, Ата Заңымыздың 34-бабының бірінші тармағында: "Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті" деген қағида барлығын еске салдым. Ендеше, эротикалық сипаттағы бағдарламалар мен жарнамаларды эфирге шығарғысы келетін жеке, не бір топ адам көпшіліктің құқығын, абыройы мен ар-намысын неге аяққа басуы керек?! Ал, егер ондайлар эротикалық материалдарды көрмесе тұра алмайтын болса, арнайы кассеталарды сатып алып, өз үйінде көре берсін деген пікір айттық.

Шынында да, порнографиямен астасып жатқан эротикалық сипаттағы материалды эфирге, баспасөз бетіне шығарып отырғандар қоғамдық моральды, қоғам мүшелерінің кісілік келбетін қорлап отырғанын байқамайды. Неге олар жергілікті қазақ халқының сан ғасырлық салт-дәстүрін, менталитетін аяқасты етуі

керек?! «Эксперт»

Сонан соң бізде әлі порнография мен эротиканы шатастыру басым. Әрі шетелдердегідей эротикалық хабарларды көрсететін ақылы арнайы арналар болмай тұрғанда, бұл мәселеге бізде тыйым салынудың қажеттігін дәлелдеудің керегі шамалы еді. Мұны заңдастыру келешекте аса қасіретті жайттарға ұрындыруы мүмкін. Бұл жерде әлі қоғамымызда идеялық тәрбие жұмысының институттары толық қалыптаспай тұрғанда, идеялық қайшылықты дүниені насихаттаудың аса қауіпті екенін де ескерген жөн.

Сонымен Мәжіліс отырысында 12-баптың 2-тармағының 2-бөлігі: "Порнографиялық және арнаулы сексуальдық-эротикалық сипаттағы радио-теледидар бағдарламаларының эфирге шығарылуына, сондай-ақ кино және бейне өнімінің көрсетілуіне, қатыгездік пен зорлықты насихаттауға тыйым салынады" деген редакцияда мақұлданды. Сондай-ақ, журналистердің құқықтары мен міндеттері де қайта қаралып, өз алдына жеке-жеке баптар болды.

Сөйтіп, төртінші билік иелері қоғамымыздағы жаңа жағдайға лайықты, бүгінгі нарық заманындағы талаптарға жеткілікті жауап беретін заңға ие болды.

Енді, осы Заңның орындалу барысына тоқтап, бірер пікірімізді айта кетсек. Әрине, бір жыл күрделі заң үшін белгілі кесім айтуға жеткілікті бола қоймас, дегенмен бағыт-бағдарды аңғаруға болады.

Бүгінгі ақпарат құралдарының қоғамдағы айрықша орны туралы аз

айтылып, кем жазылып жүрген жоқ. Әсіресе, тәуелсіз электронды бұқаралық ақпарат құралдарының еліміздегі мәдени-рухани ахуалға, жас ұрпақ тәрбиесіне тигізіп отырған жағымсыз әсері ашына жазылуда. Мұндай ақпарат құралының мазмұнын тура мағынасында мақсатты зиянкестік деп бағалап жүргендер де жоқ емес. «Біз ауылды жерде тұрғандықтан, теледидардан тек екі («Ақшам», «Хабар») арнаны ғана көре аламыз. Бұл екі арнаны да мемлекет қаржыландыратын көрінеді. Сөйтсе де, телебағдарлама жасаушылар ешқандай жауапкершілікті сезінбейтін секілді», — деп жазды бір топ соғыс және еңбек ардагерлері Қызылорда облысы Сырдария ауданы «Айдарлы» ауылынан. Одан кейін хат иелері әлгі екі арнадағы шетелдік фильмдерді түгел санамалап шығып, олардың жастарға үлгі-өнеге көрсете алмай отырғанын ашына айтады.

Соңғы жылдары мұндай хаттар Мәжіліске аз түскен жоқ. Рухымыз уланып жатыр деп ұлтжанды «Ана тілі» газеті осы іспеттес мәселелерді кеңінен жазды. «Қазақ әдебиеті» газетінің де ортақ мүддеге қатынасы кем көрінген жоқ.

Биылғы сәуір айында Түркияның Анталия қаласынан 40 километрдей қашықтықта теңіз жағасында орналасқан Кемер деген курортты жерде өткен ЕҚЫҰ Парламентарлық ассамблеясының екі күндік семинарына қатысқан едім. Қол боста теледидар көремін. 32 телеарна жұмыс істейді екен. Түсіне қоймасам да, сол арналардағы хабарларға назар

аудардым. Біздегідей автомат асынып, жұртты қырып салып жатқан немесе адам өлтірудің небір айла-тәсілін үйрететін, ертеден кешке дейін зорлық-зомбылыққа, ер адамдар мен әйелдердің жеңіл қарым-қатынастарына құрылған кинофильмдерді көре алмадым.

Тағы бір маңызды мәселеге тоқтай кетсек. Осыдан 9 жыл бұрын қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілгені белгілі. 1995 жылғы бүкілхалықтық референдумдарда дауыс берілген Ата заңымызда, 1997 жылғы шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңда бұл норма тұғырлана түскен-ді. Дегенмен, тіл туралы заңның 18-бабының 2-бөлігі мен «Бұқаралық ақпарат құралы туралы» заңның 3-бабы бүгінгі таңда қанағаттанарлық дәрежеде орындалып отырған жоқ. «Телерадио хабарларын тарату арналарының меншік нысанына қарамастан, олар арқылы мемлекеттік тілдегі берілімдердің көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі берілімдердің жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс» деген жайт тайға таңба басқандай айтылса да, республикадағы телерадио арналарының 20 пайыздайы ғана заң талабын орындауда. Бұл мәселеде республикада жетекші телеарна болып қалыптасқан «Хабар» агенттігінің үлгі болғанын қалар едік. Жаңадан ашылған «Хабар-2» телеарнасын бүкіл облыстар көретін етіп, оның мазмұндық және техникалық сапасын жетілдіре түсу қажет-ақ. Заңды орындау тәуелсіз телерадио арналарына да тікелей қатысты

екенін ескерсек. Өкінішке орай, олардың кейбіреулері Қазақстанда жұмыс істеп жатқанын, тіл туралы заңдылықтардың бар екенін біле бермейтін сияқты. Бір мысал келтіре кетейік, Қарағанды облысындағы біздер есепке алған 10 теле-радио арналары тәулігіне 179 сағаттық хабар береді екен, оның 14 сағаты ғана өзіндік хабарлар да, қалғаны көшірме дүниелер. Ал, қазақ тіліндегі хабарлары 5,45 минут қана. Орыс тіліндегі ақпарат тасқынының осындай басымшылық жағдайында қазақ тілінің үні шыға қоюы мүмкін бе?! Әсте, ұлттық ақпарат кеңістігінің болашағын ойлаған билік басындағы ұлтжанды азаматтардың бұл мәселені тереңінен ойластырғаны жөн шығар. Бәлкім, меншік нысанына қарамай теле-радио арналарынан берілетін ретрансляциялық хабарлардың көлемін заңдық реттеу қажет шығар. Бұл шара теле-радио журналистерін өз бетімен ізденушілікке итермелеп, олардың тезірек кәсіби қалыптасуына, шеберліктерін шындай түсуіне игі әсер еткен болар еді.

Қорыта айтқанда, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң бүгінгі күннің талабына жауап бере алатын құжат. «Шеберліктің шегі жоқ» дейді қазағым. Өмір, уақыт өз сөзін айта жатар. Ендігі міндет – осы Заңның жүзеге асуы үшін тиісті органдардың қажетті шаралары батыл қолданып, қамқорлық жасай білуінде. Өйткені, заң әр уақытта орындалуымен құнды.